

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарына үміткерлердің үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және сайлаушылармен кездесулер үшін үй-жай беру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 тамыздағы N 435 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 қыркүйекте N 2931 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы N 656 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 24.12.2014 N 656 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабы 4, 6-тармақтарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тайынша аудандық сайлау комиссиясымен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық үміткерлер үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін 1-қосымшаға сәйкес орындар **б е л г і л е н с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық үміткерлерге сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін 2-қосымшаға сәйкес шартты негізде үй-жайлар берілсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан күннен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	С. Салтықов
" К Е Л І С І Л Д І " Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық сайлау комиссиясының төрайымы	Ю. Солунина
	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 тамыздағы № 435 қаулысына 1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарына барлық
үміткерлердің үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін
орындардың тізбесі**

р/с №	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
1 .	Тайынша қаласы	Аудандық мәдениет үй ғимаратының алдындағы ақпараттық стенд
2 .	Тайынша қаласы	Тайынша қаласы орталық аландағы ақпараттық стенд

	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 тамыздағы № 435 қаулысына 2-қосымша
--	---

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық
үміткерлердің сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін үй-жай**

р / с №	Елді мекеннің атауы	Кездесулер өткізу үшін үй-жай
1 .	Тайынша қаласы	Аудандық мәдениет үй